

№21 «Гүлдер» балабақшасы



Ата-аналар жиналысы
Тақырыбы: «Отбасы – тәрбиенің бастауы».

Тәрбиешілер:
Ш.М.Дүкенбаева
А.К.Наурызбаева

«Отбасы – тәрбиенің бастауы».

Өткізу уақытысы :12.02.2024ж

Қатысқандар: 1 ата- ана

Балабақша тәрбиеші, психолог, әдіскер

Ата -аналар жиналысы

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі ата- ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру; Отбасы мүшелінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым- қатынасты қалыптастыру; ұлттық тәрбиенің мақсатын жүзеге асыру.

Көрнекілігі: карточка, дөңгелектер, нақыл сөздер, «кірпіш тапсырмасы бар; қағаз қалам.

1. Тренинг: шаттық шеңбері
2. Кіріспе сөз: Ата- ананың басты қуанышы бала. Слайд көрсетіледі.
3. Ата анамен ойын өткізіледі. Видео бейне көрсету. Пікірталас.
4. Қорытынды.

Сәлеметсіздер ме, құрметті ата аналар, қонақтар! Бүгінгі жиналысты ерекше өткізгім келіп тұр.

Тренинг: Ата аналар ортаға дөңгеленіп тұрып, бүгінгі кездесуден не күтетіні айтады. Содан кейін ата аналар топқа бөлінеді.

Ата- ананың басты қуанышы- бала.

Ата- ананың басты- қазығы, алтын тіреу діңгегі- бала. Отбасы тұлғаны дамытатын кішігірім орта. Отбасының қоғамдағы мақсаты; баланы дамытып қана қоймай, оны өмірге дайындап, рухани жағынан жеткізіп, тұлға ретінде қалыптастыру. Отбасында баланың жан -жақты қалыптасуына ата- ана мен отбасы мүшелерінің қарым қатынасында махаббат, сүйіспеншілік, адамгершілік, қайырымдылық, әділдік, ұйымшылдық, мәдениеттік қасиеттері және т.б келбетін сақтайтын тұлға тәрбиелеуге керек екендігі бәрімізге аян. Мына жасампаз ғасырда, жаһандану дәуірінде баланың жан- жақты білім

алуына ең бірінші ықпал ететін- ұстаз болса, оның сүйеніші ата- ана.
Сондықтан ата -ана өз баласының білім алуына барынша жағдай жасау тиіс.

Видео ролик «Әке қадірі...» ой тастау.

Сіздің ойыңыз? Не себеп болды? Қай жерден қателесті? Әкесі кешірді ме?

Дидактикалық ойын «Отбасылық махаббат үйі»

Ал енді қазір сіздермен «отбасылық махаббат үйі » атты ойын өткіземін. Балаларыңызға деген махаббатты анықтай аласыздар.

Әр адамның өз үйі бар, бірақ ол үй тек баспана ғана ретінде емес, сол үй жақсы көріп және күтетін жер болу керек.

Сондықтан сіздердің міндеттеріңіз жай ғана армандап жүрген үй салу ғана емес, ал сол жерде тұратын балаларға бақыт, махаббат, жылу, беретін үй салуларыңыз керек. Ол үшін ерекше материал

қажет. Әрине даладағы жатқан тақтайлар емес, ал адамның негізгі қасиеттерімен саламыз. Олар: Мейірімділік, күлкі, түсінушілік, шыдамдылық, көмектесу.

Үстел үстінде кірпіштер жатыр. Соларды алып үй саласыздар, бірақ салғанда жай салмайсыздар, артында тапсырмалар жазылады соны орындай отырып үй құрамыз. Ойлануға бір екі минут беріледі.

Ойын тапсырмалары:

1. «Парасатты» кірпіші

Қағазды екі қатарға бөліп ата аналардың плюс және минус жағын үш сөз арқылы жеткізу, жазу, айту.

2. «Достық» кірпіші

«Үй, отбасы...» деген сөзді қалай түсінесіз?

Мысалы: менің қорғанысым, күтетін жер, отбасылық ұйытқысы

3. «Махаббат» кірпіші

Мимика жест арқылы өзіңіздің бала деген махаббатыңызды жеткізесіз

Үйіміз дайын.

Бейне материал: «Отбасы – өмір аясы»

Менің ойымша отбасы- бұл махаббат үйі, ал бала –бақыт.

Сондықтан ата ана махаббаты балаңыздың өмірге деген құштарлығын, жолын ашады.

Халқымыз «Ұяда не көрсең, соны ілерсең» дейді. Бала әрқашанда ата анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата ананы өмірдің тірегі санайды. «Отбасы –тәрбиенің басты ұясы», «Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады», «Ата-анадан өсіп ұрпақ таралған, жақсы, жаман болса бала –солардан»,

Ата ананың тіршілігіндегі көрген қызығы, жақсылығының ең бағалысы перзенті. Баланың бойында туған үйдің жылуы оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады. Отбасы бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол. Қатысып ой бөліскендеріңіз үшін рахмет

